



Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 4 шілде N 913

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 Р000367_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау

және сертификаттау жүйелерін дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 4 шілдедегі
N 913 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау және
сертификаттау жүйелерін дамытудың 2001-2002 жылдарға
арналған бағдарламасы

1. Паспорты

Атауы Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау және
сертификаттау жүйелерін дамытудың 2001-2002
жылдарға арналған бағдарламасы
(бұдан әрі - Бағдарлама)

Әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның
негіздеме 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру

жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 28 қаңтардағы
N 3834

U983834_

Жарлығы және "Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл
бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың
жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысы

Негізгі әзірлеуші Қазақстан Республикасының Экономика және сауда
министрлігі

Бағдарламаның Қазақстан Республикасының стандарттарды және
мақсаты сәйкестік бағасын әзірлеудің, қабылдаудың және
қолданудың халықаралық практикасына көшуі үшін
жағдайлар жасау;
стандарттарды қолданудың міндетті нысанынан ерікті
нысанына көшу;
техникалық регламенттер жүйесін құру;
Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарын
халықаралық талаптармен сәйкестендіру

Негізгі іс-шаралар 1) Бар проблемаларды талдау;
2) нормативтік құқықтық базаны әзірлеу

Іске асырылу Бағдарламаны іске асыру 2001-2002 жылдар арасы
мерзімі

2. Кіріспе

Бағдарлама ел Президентінің Қазақстан халқына "Қазақстан-2030" K972030_
Жолдауын дамытуда "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға
арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары
туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 Р000367
— қаулысына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қазандығы N 991 P980991_ қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін жетілдіру бағдарламасының" жалғасы болып табылады.

Бағдарлама қысқа мерзімді және 2001-2002 жылдар кезеңін қамтиды. Бағдарламаның ұсынылған іс-шаралары ұзак мерзімді сипатқа ие және келесі бағдарламаларда іске асырылатын болады.

Бағдарлама республикада қолданыстағы мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін бұдан әрі реформалауға және жетілдіруге, стандарттарды және сапаны басқару жүйелерін әзірлеудің, қабылдаудың, қолданудың халықаралық практикасына көшуге қажетті жағдайлар жасауға, республикада шетелдік практикада қабылданған өнімнің, процестің (жұмыстардың) және қызмет көрсетулердің сәйкестігін бағалау жүйелерін құруға бағытталған.

3. Проблеманың қазіргі жағдайын талдау

Қазіргі кезде республикада мемлекеттік стандарттау және сертификаттаудың мемлекеттік жүйелері құрылған.

1999 жылы "Стандарттау туралы" Z990433_ және "Сертификаттау туралы" Z990434 _ Қазақстан Республикасының Зандары қабылданды, оларды дамытуда стандарттау және сертификаттау жүйелерінің негізгі ережелерін регламенттейтін мемлекеттік стандарттар кешені, стандарттау және сертификаттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі әзірленді және енгізілді, стандарттау және сертификаттау жөніндегі органдар анықталды.

Сапаны басқару және қоршаған ортаны қорғау жүйелерін енгізуге ұйымдарды дайындау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Республикада халықаралық нормалармен сәйкестендірілген аккредиттеу жүйесі құрылуда. Сертификаттау жөніндегі органдарды, сынау және салыстырып тексеру зертханаларын аккредиттеу жүйесі мен тәртібінің негізгі ережелері әзірленді.

30 мыңнан аса нормативтік құжаттардың атаулары бар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар (бұдан әрі - ҚР МСК) қоры құрылды.

Сонымен бірге біздің алдымызда стандарттау және сертификаттау саласындағы жұмыстарды халықаралық практикасына көшіру жолымен мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамыту және жетілдіруді талап ететін жаңа міндеттер тұурақ:

ҚР Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты (ҚазСТIn)" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының функциясына ҚР МСК жетілдіру және Бүкіләлемдік сауда орталығымен (бұдан әрі - ВТО) өзара

іс-қимыл жөніндегі ақпараттық қамтамасыз етуді жабдықтау және дамыту және ВТО-ға мүше елдердің және мұдделі тұлғалардың стандарттар және сертификаттау рәсімдеріне қатысты сұраныстарына ақпараттар, хабарламалар және тиісті құжаттар ұсыну енгізу;

ИСО, МЭК, МОЗМ халықаралық стандарттарын тікелей қолдану; халықаралық және аймақтық ұйымдар мен стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің жұмыстарына қатысу;

өнімнің, процестердің (жұмыстардың) мен қызмет көрсетулердің қауіпсіздігіне міндетті талаптарды белгілейтін техникалық регламенттерді әзірлеуді және қабылдауды қамтамасыз ететін республика заңнамасына өзгерістер енгізу;

басым бағыттар бойынша халықаралық стандарттармен сәйкестендірілген мемлекеттік стандарттар және техника-экономикалық ақпараттар сыныптауштарын әзірлеу;

халықаралық талаптармен сәйкестендіру үшін қажетті халықаралық, аймақтық және ұлттық стандарттарды сатып алу;

республиканың кәсіпорындарында 9000 және 14000 сериялы халықаралық стандарт ИСО-ға сәйкес сапа жүйесін енгізу үшін жағдай жасау;

ҚР МСҚ ресурстарын басқару жүйесін автоматтандыру.

Ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін бұдан әрі дамыту басым бағыттар бойынша халықаралық талаптармен сәйкестендірілген нормативтік құжаттарды әзірлеу, стандарттау нысандары мен әдістерін, сыныптау және кодтау жүйелерін жетілдіру, өнімді сертификаттау және аккредиттеу рәсімдерін өзгерту мәселелеріне байланысты проблемаларды

шешеді.

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты және техникалық көмек гранттары есебінен жүргізіледі.

4. Бағдарламаның мақсаты және міндеттері

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасының стандарттарды және сәйкестік бағасын әзірлеудің, қабылдаудың және қолдаудың халықаралық практикасына көшуі үшін жағдай жасау болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

ішкірынокты сапасыз және әлеуетті қауіпті өнімнен қорғау;

отандық өнімнің сыртқырынокқа шығуын қамтамасыз ету;

саудада техникалық кедергілерді жою;

қоршаған ортаны қорғау;

ҚР МСҚ дамыту болып табылады.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі

Бағдарламаның негізгі бағыттары:

техникалық регламенттер жүйесін қалыптастыру;

басым бағыттар бойынша мемлекеттік стандарттау жүйесін ұйымдастыру және дамыту;

техника-экономикалық ақпаратты сыйыптау және кодтау мен сзықтық кодтау жүйесін дамыту;

өнімді каталогтау жүйесін құру;

мемлекеттік сертификаттау жүйесін және аккредиттеу жүйесін дамыту;

стандарттау және сертификаттау бойынша мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

халықаралық ынтымақтастық болып табылады.

Бағдарламаны іске асыру тетігі өзіне:

Бағдарламада көзделген жұмыстарды жоспарлауды, іске асыруды және олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз ететін ұйымдастыру іс-шараларын;

мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерінің ережелерін халықаралық нормалар және талаптармен сәйкестендіруге мүмкіндік беретін әдістемелік іс - шараларды ;

ақпаратты қорғау талаптарын сақтай отырып жана технологияларды енгізу негізінде республикада ақпараттық жүйе құруды қамтамасыз ететін техникалық іс-шараларды қ а м т и д ы .

Бұл іс-шаралар нормативтік құжаттарды әзірлеуге арналған шығындарды азайту есебінен бәсекеге қабілетті өнімді тиімді өндіруге, сондай-ақ сапалы өнім шыгаруға және саудада техникалық кедергілерді болдырмауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне "Стандарттау туралы" Z990433_ және "Сертификаттау туралы" Z990434_ Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерін жетілдіру мен стандарттау және сертификаттау саласында жұмыстарды үйлестіру жөніндегі бірынғай саясат жүргізу жүктелген.

Бағдарламаны іске асыруға Қазақстан Республикасы орталық орындаушы органдарының, сондай-ақ заңды тұлғаларының қатысуы болжануда.

5.1. Техникалық регламенттер жүйесін қалыптастыру

Халықаралық практикада өнімнің, процестердің (жұмыстардың) және қызмет

көрсетулердің қауіпсіздігі мәселелері дербес немесе басқа құжаттармен бірге, оның ішінде егер оларда техникалық регламенттерде сілтемелер болса, стандарттармен қауіпсіздік нормаларын белгілейтін зандар, директивалар, үйірмемен тікелей әсер ететін басқа да құжаттар жататын техникалық регламенттермен реттеледі.

Техникалық регламенттер жүйесін қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар:

европалық нұсқауларды қабылдау практикасын зерделеуді; техникалық регламенттерді әзірлеу, келісу, бекіту және мазмұндау тәртібін, шет елдердің халықаралық және ұлттық техникалық регламенттерін қолдану рәсімдерін белгілеуді;

техникалық регламенттердің, стандарттардың және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың өзара байланыстарын анықтауды;

Қазақстан Республикасының техникалық регламенттер жүйесін

қалыптастыру үшін негіз ретінде ұсынылатын құжаттар тізбесін дайындауды;

әзірленетін салалық жоспарларды, бағдарламаларды, әлеуметтік жобаларды нормативтік және метрологиялық қамтамасыз ету бөлімдерін қалыптастыруды және енгізууді қамтиды.

5.2. Басым бағыттар бойынша мемлекеттік стандарттау жүйесін жетілдіру және дамыту

Республиканың нормативтік базасын дамытуда және халықаралық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуде басты бағыттар болып экономиканың мынадай салалары мен қызмет түрлері анықталған:

отын-энергетикалық кешен;
қоршаған ортаны қорғау;
ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі;
телекоммуникация;
денсаулық сактау;
құрылыш.
Іс-шаралар:

стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы нормативтік қамтамасыз етуді, мемлекеттік стандарттарды халықаралық нормалар және талаптармен сәйкестендіруді жетілдіруді;

ИСО және МЭК халықаралық стандарттарын тікелей қолдануды;

Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарының мемлекеттік тілдегі аудармаларын сраптады;

мемлекеттік стандарттау жүйесінің нормативтік қорын көкейкесті жағдайда ұстап тұруда және оны республикада шағын және орта кәсіпкерлік құрылымын дамытуға бағдарлалуды;

мемлекеттік қадағалау нысандарын өзгертуді және мемлекеттік бақылаудың және қадағалаудың қазіргі заманғы құқықтық негіздерін қалыптастыруды;

бұрынғы КСРО салалық стандарттарын қайта қарауды және оларды бәсекеге қабілетті өнім өндіру мен саудада техникалық кедергілерді болдырмау үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінің талаптарына және ВТО талаптарына сәйкес келтіруді;

салалар бойынша стандарттау жөнінде техникалық комитеттер құруды;

республикада қолданыстағы салалық нормативтік құжаттар көрсеткіштерінің каталогтарын
езірлеуді;

сапа жүйесін және қоршаған ортаны қорғауды әзірлеу үшін бірізділенген нормативтік және ғылыми-әдістемелік қор құруды;

9000 және 14000 сериялы ИСО халықаралық стандарттарының Қазақстан Республикасында өнім өндіру жағдайына бейімделуін көздейді.

5.3. Техника-экономикалық ақпаратты және сзықшалы кодты сыныптау және кодтау жүйелерін дамыту

Техника-экономикалық ақпаратты сыныптау мен кодтау жүйесін және сзықшалы кодтауды жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүйелеу және реттеу:

сыныптауыштарды әзірлеу және жүргізу, оларды бекіту және тіркеу жөніндегі мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылдарын реттеуді;

мемлекеттік сыныптауыштар құрамы мен құрылымын анықтауды; сыныптауышпен әлеуметтік сала, банктік және қаржылық қызмет, негізгі

қаржыларды (қорларды) сыныптау сияқты салаларды қамтуды;

жүйенің инфрақұрылымын анықтауды және сыныптауыштарды жүргізуге республиканың құзыретті ұйымдарын бекітуді;

отандық сыныптауыштарды үнемі көкейкесті етуді және оларды сыныптаудың халықаралық жүйелерімен сәйкестендіруді, өнімді сыныптау жүйесін халықаралық талаптар шенберінде ұлттық деңгейде егжей-тегжейлі етуді;

сзықшалы кодтау технологиясын қолданудың нормативтік құқықтық қорларын талдауды және дамытуды көздейді.

5.4. Өнімді каталогтау жүйесін құру

Каталогтау жүйесін дамыту жөніндегі іс-шаралар:

өнімді каталогтау жүйесін жүргізу тәртібін, республикада өндірілетін өнімдер жөніндегі республикалық, аймақтық, облыстық және қалалық деректер қорын қалыптастыруды анықтауды;

деректер қорын жүргізу үшін арнайы жабдықтар сатып алуды;

каталогтық парақтарды әзірлеуді және оларды талдауды;

Қазақстан Республикасы өнімдерінің каталогтарын құруды және жүргізуді көздейді.

5.5. Мемлекеттік сертификаттау жүйесін және аккредиттеу жүйесін дамыту

Негізгі іс-шаралар мемлекеттік сертификаттау жүйесін ұқсас халықаралық және аймақтық жүйелерде тануын қамтамасыз етуге және сәйкестікті бағалаудың халықаралық және еуропалық үлгілеріне көшу үшін жағдай жасауга бағытталған.

І с - ш а р а л а р :

мемлекеттік сертификаттау жүйесінің құқықтық базасын және сертификаттау жөніндегі органдар мен зертханаларды аккредиттеуді жетілдіруді;

сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеуді және оларды халықаралық талаптармен сәйкестендіруді;

республика аймақтарында сертификаттау бойынша органдар мен зертханалар желісін құруды;

сертификаттау саласында халықаралық келісімдерге қосылуды, сертификаттау мен аккредиттеудің халықаралық және аймақтық жүйелеріне енуді;

сәйкестік бағасының нәтижелерін өзара қабылдау мақсатында сертификаттау және аккредиттеу жөніндегі тиісті халықаралық және ұлттық ұйымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуді көздейді.

5.6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қорын (МСҚ) жетілдіру

ҚР МСҚ жетілдіру мен дамыту:

халықаралық және европалық техникалық регламенттер мен стандарттарды сатып алушы, оларды мемлекеттік стандарттар мен нормативтік құжаттарды өзірлеу мен қайта қарau кезінде негіз ретінде қолдануды;

ақпараттарды және өнімнің, процестердің (жұмыстардың) және қызмет көрсетулердің адамдардың өмірі мен денсаулығына, мүлкіне, қоршаған ортаға қауіпсіздік нормаларын белгілейтін техникалық регламенттер - құжаттардың міндетті данасын мемлекеттік басқару органдарынан алуды;

ВТО-мен өзара іс-қимыл жөнінде ақпараттық қамтамасыз етуді жабдықтауды және д а м ы т у д ы ;

стандарттау, метрология және сертификаттау саласында жедел ақпаратпен алмасу процесіне жаңа ақпараттық технологияларды сатып алушы және енгізуі;

ҚР МСҚ қызметін автоматтандыруды қамтиды.

5.7. Стандарттау және сертификаттау жөніндегі мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру

Стандарттау және сертификаттау жөніндегі мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері қазіргі уақытта республиканың білім беру мекемелеріндегі оқытуудың қолданыстағы негізгі немесе арнайы циклдар жүйесі және Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Комитетімен (бұдан әрі - Комитет) келісілген жоспарлар мен бағдарламалар бойынша мамандандырылған ұйымдар мен институттар желісі арқылы шешіледі.

Н е г і з г і і с - ш а р а л а р :

стандарттау және сертификаттау жөніндегі мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру және оқыту бағдарламаларын, әдістемелік және көрнекілік материалдарды өзірлеу мәселелерінде бірынғай саясатты анықтауды;

Қазақстан Республикасында сапа жүйесі жөнінде сарапшы-аудиторлар, стандарттау жөнінде сарапшылар дайындау жүйесін дамытуды және оларға біліктілік талаптарын а н ы қ т а у д ы ;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп республиканың білім беру мекемелерінде стандарттау және сертификаттау жөнінде пәндердің оқытылу жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жүргізуі;

республиканың білім беру мекемелерінің оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру бағдарламасын дайындауды;

стандарттау, сертификаттау және сапа жүйелері саласында мамандар мен сарапшы-аудиторлар даярлау жөнінде халықаралық және аймақтық ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейтуді және дамытуды көздейді.

5.8. Халықаралық ынтымақтастық

Халықаралық ынтымақтастықты жетілдіру Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңеске (МАК), Стандарттау жөніндегі Халықаралық Ұйымдардың Техникалық Комитеттеріне (ИСО) қатысады, Халықаралық Электротехникалық Комиссия (ХЭК) мүшелігіне өтуді көздейді.

Еуропалық одақ елдерімен сауда-саттық алмасу көлемін ескере отырып, Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық кеңестің мүшелерімен және Еуропаның тиісті ұйымдарымен бірлесіп ТМД елдерінде еуропалық стандарттар мен нормаларды қолдану және оларды орталықтандырылған сатып алу (қамтамасыз ету) мәселелерінің шешімін табу қажет.

Стандарттау және аккредиттеу жөніндегі ұлттық органдардың шет елдердегі жұмыс тәжірибесін Қазақстан аумағына енгізу мақсатында оқуға, сондай-ақ республикада семинарлар жүргізуге және мамандарды оқытуға әлемнің өнеркәсібі дамыған елдерінің халықаралық және ұлттық ұйымдарын тартуға үлкен көңіл бөлінетін болады.

5.9. Азаматтық және қызметтік қарудың және оның оқтарының үлгілерінің мемлекеттік кадастрын құру

Негізгі іс-шаралар:

арнайы жабдықты және лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуды;

азаматтық және қызметтік қарудың және оның оқтарының үлгілерінің тізбесін құруды;

азаматтық қару және оның оқтары үлгілерінің мемлекеттік кадастрын құруды көздейді.

Бұл іс-шараларды іске асыру азаматтарды, олардың меншіктерін қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған азаматтық және қызметтік қарулардың айналысы кезінде туындастын құқықтық қарым-қатынастарды реттеуге ықпал ететін болады.

6. Қажетті қорлар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарлама іс-шараларын қаржыландыру респубикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Бағдарламаны 2001-2002 жылдары іске асыру үшін болжанып отырған сома 129 600 мың теңгені құрайды. Жыл сайынғы көлемдер тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша респубикалық бюджетте көзделген көлемдерге сәйкес нақтыланады.

1-кесте

Іс-шаралардың атауы ! Бағдарламаны іске асыруға
 ! арналған қаржылық шығындар
 ! (мың теңге)
 !-----
 ! Барлығы ! оның ішінде
 ! !-----
 ! !2001 ж. !2002 ж.

1. Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру:

1) әлемнің өнеркәсібі дамыған елдерінің халықаралық, аймақтық және ұлттық стандарттарын, техникалық регламенттерін және сыныптауыштарын әзірлеу және сатып алу, сондай-ақ Стандарттау жөніндегі халықаралық үйымға (ИСО) мүшелік жарна төлеу;	80 000	20 000	60 000
2) сапа саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер;	3 100	700	2 400
3) Қазақстан Республикасы өнімдерінің каталогын құру және жүргізу;	8 000	4 000	4 000
4) ВТО-мен өзара іс-қимыл жөнінде ақпараттық қамтамасыз етуді жабдықтау және дамыту;	24 100	9 500	14 600
5) Азаматтық және қызметтік қарудың және оның оқтарының ұлгілерінің мемлекеттік кадастрын әзірлеу, жүргізу және шығару;	6 000	2 000	4 000
6) ҚР МСК автоматтандыру.	8 400	-	8 400
Жиыны	129 600	36 200	93 400

Қаржыландыру техникалық көмек гранттары есебінен жүргізілуі мүмкін.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру отандық өнімнің, процестердің (жұмыстардың) және қызмет көрсетулердің бәсекеге қабілеттілігін, сапасын және қауіпсіздігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже:

- 1) өнімнің сыртқы және ішкірынокта бәсекеге қабілеттілігін арттыруға;
 - 2) саудада техникалық кедергілерді болдырмауға;
 - 3) мемлекеттің халқын және рыногын сапасыз және әлеуетті қауіпті өнімнен қорғауға;
 - 4) коршаған органды қорғауға;
 - 5) экспортты дамытуға және өндіру көлемін кеңейтуге;
 - 6) басқарудың қазіргі заманғы әдістерін кең түрде енгізуға және отандық және халықаралық стандарттар негізінде сапанды қамтамасыз етуге;
 - 7) республиканың өнеркәсіптік кешенінің техника-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға;
 - 8) барлық өнім түрлерінің тұтынушылық қасиеттерін жақсартуға ықпал етуі тиіс.

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с! Іс-шаралардың атауы ! Аяқталу ! Орындаушылар !Орындалу
Н ! ! нысаны ! ! ! мерзімі

8.1. Техникалық регламенттер жүйесін қалыптастыру

8.1.1. - "Стандарттау туралы" КР Жобалар ЭСМ 2002 ж.

Заңына өзгерістер енгізу туралы"

- "Сертификаттау туралы" КР Заңына өзгерістер енгізу туралы" КР Заңдарының жобаларын дайындау

8.1.2. Шет елдердің халықаралық және Нормативтік ЭСМ, ЕХКМ, 2002 ж.
ұлттық техникалық регламент. құжаттар ЭМРМ, АШМ,
терін қолданудың техникалық МКМ, БФМ,

регламенттерін, рәсімдерін ККМ, ТОҚМ,
әзірлеу, сәйкестендіру, ТЖА, ДСА,
бекіту, мазмұндау және баяндау ЭСМ-ның
тәртібін анықтау Стандарттау,
метрология
және
сертификаттау
жөніндегі
комитеті
(бұдан әрі -
Комитет)

8.1.3. Мемлекеттік, салалық, аймақтық Нормативтік Комитет 2001 ж.
ғылыми-техникалық бағдарла. құжаттар
маларды нормативтік және
метрологиялық қамтамасыз ету
жөніндегі бөлімдерді
(іс-шараларды) қалыптастыру
тәртібін анықтау

8.2. Басым бағыттар бойынша мемлекеттік стандарттау
жүйесін жетілдіру және дамыту

8.2.1. Басым бағыттарды ескере отырып Комитет Комитет 2001-2002
мемлекеттік стандарттау бүйрықтары жж.
жөніндегі жұмыстардың
жоспарын әзірлеу

8.2.2. Мемлекеттік тілдегі нормативтік Қорытынды Комитет 2001 ж.
құжаттарды растау

8.2.3. Қолданыстағы мемлекеттік Министрлік. ЭСМ, АШМ, ДСА 2001 ж.
стандарттарда міндетті және тердің 2002 ж.
ұсынылатын талаптардың (тағам бүйрықтары
өнімдеріне, ауыл шаруашылығы
өнімдеріне, денсаулық сактау
және тазалық құралдарына)
шектелуіне талдау жүргізу

- 8.2.4. Мұнай сапасына, мұнай-газ Нормативтік ЭМРМ, ЭСМ 2001-2002
құбырларына қойылатын талаптар, құжаттар жж.
коршаған ортаны қорғау жөнінде
нормативтік құжаттар кешенін
әзірлеу
- 8.2.5. Отын-энергетикалық кешенің Нормативтік ЭМРМ, ЭСМ 2001-2002
сенімділік көрсеткіштерін құжаттар жж.
регламенттейтін нормативтік
құжаттар мен қауіпсіз пайдалану
талаптарын әзірлеу
- 8.2.6. "Стандарттау туралы" Қазақстан Бағдарлама. ЭСМ, Министр. 2001 ж.
Республикасы Заңының лар ліктер, ве.
талаптарына сәйкес салалық домстволар,
стандарттарды қайта қарау және Комитет
оларды нормативтік құжаттар
етіп қайта өндіру жөнінде
ведомстволық бағдарламалар
әзірлеу
- 8.2.7. Отын-энергетикалық кешенде, Комитеттің ЭСМ, ЭМРМ, 2001-2002
ветеринарияда, денсаулық бүйрықтары АШМ, ДСА, ж.ж.
сақтауда стандарттау жөнінде Комитет
техникалық комитеттер құру
- 8.2.8. Көсіпорындарда сапа жүйесін Аймақтық Облыстардың, 2001 ж.
енгізуіндік аймақтық бағдарлама. Астана қ.,
бағдарламаларын әзірлеу лар Алматы қ.
әкімшіліктері
- 8.2.9. Қазақстан Республикасында 9000 Есеп ЭСМ, ТОҚМ, 2001-2002
сериялы ИСО халықаралық Комитет жж.
стандарттарын және 14000
сериялы ИСО халықаралық
стандарттарын бірлесіп
қолданудың тиімділігіне сынау
және талдау жүргізуі
қамтамасыз ету, оларды қолдану

жөнінде ұсынымдар әзірлеу

8.2.10. 9000 сериялы ИСО халықаралық Әдістемелік Комитет 2001-2002

стандарттары негізінде нұсқаулар жж.

экспорттық қазақстандық

өнімдердің негізгі түрлерін

дайындастын ұйымдарда сапа

жүйесін;

14000 сериялы ИСО халықаралық

стандарттарына сәйкес қоршаған

ортаға әлеуетті қауіпті

өндірісті ұйымдарда қоршаған

ортаны қорғау жүйесін енгізу

жөнінде практикалық көмек

көрсету

8.2.11. 14000 сериялы ИСО халықаралық Стандарттар ТОҚМ 2001-2002

стандарттарын сәйкес қоршаған жж.

ортаны қорғау және экологиялық

қауіпсіздік мәселелері жөнінде

нормативтік құжаттар әзірлеу

8.3. Техника-экономикалық ақпаратты сыныптау мен кодтау жүйесін

және сыйықтық кодтауды жетілдіру

8.3.1. Республиканың құзыретті Комитеттің Комитет 2001-2002

ұйымдарына білім, қоршаған бүйрығы жж.

ортаны қорғау, банктік,

қаржылық және сыртқы

экономикалық қызмет,

статистикалық сыныптауыштар

мен атаутізімдер, негізгі

қорларды сыныптау жүйелерінде

техника-экономикалық және

әлеуметтік ақпараттар

сыныптауыштарын әзірлеу мен

жүргізуді бекіту

8.3.2. Техника-экономикалық және Комитеттің ЭСМ, ТОҚМ, 2001-2002

әлеуметтік ақпарат бұйрықтары ҚарМ, ДСА, жж.
сыныптауыштарын өзірлеу және Комитет
бекіту

8.4. Өнімді каталогтау жүйесін дамыту

8.4.1. Өнімді каталогтау жөніндегі Стандарттар Комитет 2001 ж.
жұмыстарды ұйымдастыру және
жүргізу тәртібі жөніндегі
стандарттарды өзірлеу

8.4.2. Өнімді каталогтау жөніндегі Есеп Комитет 2001-2002
деректер қорын жүргізу үшін жж.
арнайы жабдық сатып алу

8.4.3. "Қазақстан Республикасының Комитеттің Комитет 2001 ж.
өнімдері" каталогын құру бұйрығы

8.5. Мемлекеттік сертификаттау жүйесі және аккредиттеу жүйесін дамыту

8.5.1. Халықаралық деңгейде Комитет Комитет 2001-2002
сертификаттау және бұйрығы жж.
аккредиттеу бойынша жұмыстар
нәтижелерін тануды қамтамасыз
ету жөніндегі шараларды
анықтау

8.5.2. Өнімнің түрлі топтарын Нормативтік ЭСМ, ЭМРМ, 2001-2002
сертификаттау ережелері мен құжаттар ККМ, АШМ, жж.
рәсімдерін Кеден Одағы ДСА, Серти.
елдерінде қолданыстағы сондай фикаттау
ережелермен және рәсімдермен жөніндегі
сәйкестендіру жөнінде шаралар аккредит.
қабылдау телген
органдар
(келісім
бойынша)

8.6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қорын жетілдіру

8.6.1. Қазақстан Республикасының Комитеттің Комитет 2001 ж.

Мемлекеттік стандарттар қоры бұйрығы
кеңесі туралы ереже дайындау
және нормативтік құжаттардың
салааралық қорларымен
қызметін үйлестіру

8.6.2. Экономикасы дамыған елдердің Нормативтік Комитет 2001-2002

халықаралық, аймақтық және құжаттарды жж.
ұлттық регламенттерін, сатып алу
стандарттарын, халықаралық
ұйымдар сыныптауштарын сатып
алу және олардың мемлекеттік
және орыс тілдеріне аударылуын
қамтамасыз ету

8.6.3. ҚР Мемлекеттік стандарттар Енгізу ЭСМ, ТОҚМ, 2001-2002

қорының пайдаланушыларымен туралы АШМ, ДСА, жж.
нормативтік құжаттарды өзірлеу кесімдер ТЖА, ЭМРМ,
және қамтамасыз ету кезінде Комитет
ақпараттық технологиялар және
телекоммуникациялық жүйелер
енгізу

8.6.4. Бірыңғай ақпараттық-библиогра. Мемлекеттік ЭСМ, ТОҚМ, 2001 ж.

фиялдық деректер қорын басқару АШМ, ДСА,
қалыптастыру үшін техникалық органдарының ТЖА, ЭМРМ
регламенттердің, нормативтік бұйрықтары
құжаттардың тізбесін және
міндettі данасын Комитетке
беру

8.6.5. ҚР Мемлекеттік стандарттар Есеп ЭСМ 2001-2002

қорын және ВТО-мен өзара жж.
іс-қимыл жөнінде ақпараттық
қамтамасыз етуді материалдық
-техникалық жабдықтау

8.7. Стандарттау және сертификаттау жөнінде мамандарды даярлау
және олардың біліктілігін арттыру

8.7.1. Өнім, қызмет, өндіріс, сапа Сарапшы- ЭСМ, 2001-2002
жүйелерін, қауіпсіздікті аудиторлар. Комитет жж.
қамтамасыз ету жүйелерін дың серти.
стандарттау, сертификаттау фикаттары
жөніндегі сарапшы-аудиторларды
даярлауды қамтамасыз ету

8.7.2. Сертификаттау жөніндегі Сарапшы- ЭСМ, 2001-2002
халықаралық органдарда аудиторлар. Комитет жж.
сарапшы-аудиторларды сапа дың серти.
жүйелері бойынша оқуын фикаттары
қамтамасыз ету

8.7.3. Стандарттау және сертификаттау Бұйрық, Комитет 2001 ж.
жөніндегі мамандарды даярлау үлгілік
және оқытатын бағдарламалар, бағдарла.
әдістемелік және көрнекі малар,
құралдарды әзірлеу әдістемелік
мәселелерінде бірыңғай ұсынымдар
саясатты анықтау

8.7.4. Қазақстан Республикасының Іс-шаралар БФМ, ЭСМ 2001 ж.
Білім және ғылым
министрлігімен бірлесіп
Республиканың білім беру жүйесі
мекемелерінде стандарттау және
сертификаттау бойынша пәндерді
оқыту жүйесін дамыту жөнінде
іс-шаралар әзірлеу

8.8. Халықаралық ынтымақтастық

8.8.1. Стандарттау, метрология және Келісімдер ЭСМ, ҚарМ 2002 ж.
сертификаттау жөніндегі
мемлекетаралық кеңеске (МАК)

ай сайын мүшелік жарна төлеп
тұру

8.8.2. Стандарттау жөніндегі Келісімдер ЭСМ, ҚарМ 2001-2002
халықаралық ұйымға (ИСО) жж.

ай сайын мүшелік жарна төлеп
тұру

8.8.3. Халықаралық электротехникалық Үкіметтің ЭСМ, ҚарМ, 2002 ж.
комиссияға (ХЭК) мүшелікке өту қаулысы СІМ

8.8.4. Еуропалық одактың, Шығыс Келісімдер ЭСМ, СІМ 2001-2002
Еуропа елдерінің сертификаттау жж.
жүйелерінде сертификаттау
бойынша аккредиттеу жөніндегі
шетелдік ұйымдармен халықаралық
ынтымақтастықты қамтамасыз ету,
сертификаттау жөніндегі
аккредиттеу органдарын және
сынау зертханаларын өзара тану
туралы келісімдер дайындау

8.8.5. Стандарттау, метрология және Келісімдер ЭСМ, БФМ 2001-2002
сертификаттау жөнінде жж.
халықаралық және мемлекет.
аралық ұйымдардың жұмыстарына
қатысу және стандарттау,
метрология және сертификаттау
жөніндегі ұлттық ұйымдармен
ынтымақтастықты қамтамасыз
ету

8.9. Азаматтық және қызметтік қарудың және оның оқтарының
ұлгілерінің мемлекеттік кадастры

8.9.1. Лицензиялық бағдарламалық Есеп Комитет 2001-2002
қамтамасыз етілген кадастр жж.
құру жөніндегі жұмыстарды
қамтамасыз ету

8.9.2. Қызметтік және азаматтық қару Қазақстан ПМ, 2002 ж.
және оның оқтарының Республикасы Комитет
ұлгілерінің мемлекеттік Үкіметінің
кадастрын өзірлеу және бекіту қаулысы

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК